

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 373.016:911.3:33

Қолжазба құқығында

**УСЕНОВ НУРБОЛ ЕРГЕШОВИЧ**

**Жаңартылған білім мазмұны аясында оқушыларда экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастыруда тиімді педагогикалық технологияларды қолданудың әдістемелік негіздері**

6D011600 – География

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық кеңесші:  
география ғылымдарының докторы,  
профессор Б.Ш. Абдиманапов

Шетелдік ғылыми кеңесші:  
Жер туралы ғылымдарының  
кандидаты Марек Маевски  
Помор академиясы, Слупск қ.  
(Польша)

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2021

## МАЗМҰНЫ

	<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b> .....	3
	<b>АНЫҚТАМАЛАР</b> .....	4
	<b>ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР</b> .....	5
	<b>КІРІСПЕ</b> .....	7
<b>1</b>	<b>ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТАР МЕН ҰҒЫМДАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b> .....	13
1.1	Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында географиялық материалдарын талдау.....	13
1.2	Экономикалық - географиялық білім беру мазмұнындағы ұғымдық-терминологиялық жүйе және заңдылықтар.....	28
1.3	Экономикалық - географиялық заңдылықтар - білім мазмұнының компоненттері ретінде.....	36
	Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....	46
<b>2</b>	<b>9-СЫНЫП МЕКТЕП ГЕОГРАФИЯСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҰҒЫМДАР МЕН ЗАҢДЫЛЫҚТАР</b> .....	48
2.1	Әлеуметтік география» бөліміндегі экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтар.....	48
2.2	«Экономикалық география» бөліміндегі экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтар.....	64
	Екінші бөлім бойынша тұжырым.....	86
<b>3</b>	<b>ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҰҒЫМДАР МЕН ЗАҢДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ</b> .....	88
3.1	Оқу жетістіктерінің диагностикасын айқындау кезеңін ұйымдастыру.....	88
3.2	Қалыптасқан оқу жетістіктерінің диагностикасының қорытындысы...	95
3.3	Экономикалық-географиялық заңдылықтары мен ұғымдарды қалыптастыру бойынша эксперимент жұмысының нәтижелері.....	101
	Үшінші бөлім бойынша тұжырым.....	108
	<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	110
	<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	112
	<b>ҚОСЫМША А</b> – Қысқа мерзімді жоспар «Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы».....	123
	<b>ҚОСЫМША Ә</b> – Қысқа мерзімді жоспар «Қазақстандағы халықтың миграциясы. Миграциялық саясат».....	131
	<b>ҚОСЫМША Б</b> – Қысқа мерзімді жоспар «Қазақстанда жекелеген ресурс түрлерін өңдеу технологиялары, орталықтары мен дайын өнім түрлері».....	135
	<b>ҚОСЫМША В</b> – Қазақша-орысша-ағылшынша тілдеріндегі сөздік..	139
	<b>ҚОСЫМША Г</b> – Енгізу актісі.....	140

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сәйкес сілтемелер жасалған:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007 жыл, 27 шілде. № 319-III (2014 жылдың 18 ақпандағы өзгерістер мен толықтырулар).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.

«ҚР Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2017 жылғы 25 қазанда № 545 (қосымша 16), 2013 жылғы 3 сәуірде № 115 бұйрығымен бекіткен (қосымша 205) негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «География» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

## АНЫҚТАМАЛАР

**Әдістеме** – оқу үдерісінде пайдаланатын әдістер жиынтығы және білім беру ұстанымдарын зерттеу саласы.

**Бағалау** – оқу үдерісі мен нәтижелерін жүйелі түрде және сыни талдау, соның негізінде ағымдағы және кейінгі оқу үдерісіне қатысты тұжырым жасап, шешім және немесе ұсыным шығаруға бағытталған қызмет.

**Блум таксономиясы** - жеке тұлғаға бағытталған шығармашылығын дамытушы және білімді толық меңгертудің әдісі болып табылады.

**Географиялық заңдылықтар** - географиялық қабық шеңберінде тоқтаусыз жүріп жатқан табиғи процестердің жиынтығы.

**Жаңартылған білім мазмұны** - мүлде жаңа бағдарлама, оқулықтар, стандарттар және кадрлар.

**Жиынтық бағалау** – білім алу кезеңдері мен сатылары аяқталғанда болатын бағалау, белгілі мерзім бойынша оқушының дайындық деңгейінің көрсеткіші табылады. Бағалаудың бірыңғай критерийлерінің негізінде жүзеге асады.

**Критериалды бағалау** - білім алушылардың білім мазмұны мен мақсаттарына сай, оқу-танымдық құзіреттілігін қалыптастыруда нақты анықталған, ұжыммен қалыптастырылған, алдын-ала білім алушылардың барлығына белгілі білім жетістіктерін бағалауға негізделген үдеріс.

**Құндылықтарға бағдарланған тәсіл** - оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдалану тәсілі.

**Қысқа мерзімді жоспар** - мұғалімнің күнделікті оқытатын сабақтарының сызбасы (сабақ жоспары). Сабақ жоспарында ненің зерделенетіні, оған қалай көмектесуге болатыны, сондай-ақ оқуды қалай саралауға болатыны туралы барынша егжей-тегжейлі ақпарат ұсынылады.

**Оқу бағдарламасы** - оқу жоспарындағы таңдау пәнінің мазмұнын, көлемін және оқыту реттілігін анықтайтын құжат, негізгі білімнің ауқымдылығын, шеберлігін, дағдылығын, құзырлылығын және ұсынылған әдебиеттерді көрсетеді.

**Оқыту әдісі** – білім алушы мен оқытушының алдына қойған мақсатына жету үшін екі жақты іс-әрекеттері.

**Оқытудың белсенді түрлері** – оқыту мен шығармашылық үшін дидактикалық процесті ұйымдастырудың реттелген, алгоритмделген, жоспарланып қойылған формасы мен әдіснамасына танымдық мотивтер мен қызығушылықтарды туғызатын ізденушілік, зерттеушілік, нақты проблемалық талаптар қоятын дамушы әдістерге аяқ басу болып табылады.

**Оқыту технологиясы** - мектепте жалпы білім беру бағдарына, оқытудың мақсаты мен мазмұнына негізделген, жақсы нәтижелерге жету кепілдігін беретін оқыту жүйесін құрастыру.

**Педагогикалық жүйе** – белгілі бір қаблеті бар дара тұлғаны қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әсерді ұйымдастыруға қажет құралдар, әдістер мен тәсілдердің өзара байланысқан бірлігі.

**Педагогикалық тәжірибе** - педагогикалық мәселені шешудің жаңа, анағұрлым тиімді әдістерін іздеу мақсатында оқу және тәрбие жұмысы арасында жүргізілетін ғылыми тәжірибе, сынақ.

**Педагогикалық технология** – білім алушының функционалдық білімін дамытудың дидактикалық мақсаттарына жетуге, оның интеллектуалды, мінез-құлық және кәсіби статусын қалыптастыруға бағытталған әдістер мен тәсілдердің біртұтас жүйесі деп тұжырымдалады.

**Сын тұрғысынан ойлау** - қадағалау, тәжірибе, ойлану нәтижесінде алынған ақпараттың мағынасын тануда, оны бағалауда және талдауда аналитикалық тәсілдің қолданылуын көздейтін ойлау түрі.

**Типтік оқу бағдарламасы** - типтік оқу жоспарындағы пәннің мазмұнын, көлемін және оқыту реттілігін анықтайтын құжат, негізгі білімнің ауқымдылығын, шеберлігін, дағдылығын, құзырлығын және қолданылатын әдебиетті көрсетеді.

**Тұлғаға бағдарланған тәсіл** - оқу үдерісін дараландыру, оқу үдерісінде тұлғаны, оның жеке психикалық және физиологиялық ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен жүріс-тұрыс уәждерін, әлеуетті қабілеттіліктерін ескере отырып үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, оның шығармашылық қабілеттерін толық ашу.

**Ұғым** - зат және құбылыс арасындағы байланысты, олардың нақты қасиеттерін анықтауға бағытталған абстрактілі ойлаудың бір формасы. Ұғым көптеген біртекті заттарды олардың мәнді белгілері негізінде саралаудың нәтижесі ретінде көрініс береді.

## ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР

Абай атындағы ҚазҰПУ	- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
АКТ	- ақпараттық коммуникациялық технология
АЕБ	- аумақтық еңбек бөлінісі
АЭА	- арнайы экономикалық аймақ
ӘОӘ	- әмбебап оқу әрекеттері
б.	- бет
БТ	- бақылаушы топ
БЖБ	- бөлімді жиынтық бағалау
ГЕБ	- географиялық еңбек бөлінісі
ДЭФ	- Дүниежүзілік экономикалық форум
ж.	- жыл
ж.б.	- және де басқалар
ЖӨӨ	- жалпы өңірлік өнім
ИА	- индустриялды аймақ
к.	- қала (қаласы)
ҚМЖ	- қысқа мерзімді жоспар
ҚР	- Қазақстан Республикасы
ҚР БҒМ	- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министірлігі
КСРО	- Кенестік Социалистік Республикалар Одағы
МЖС	- Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
т.б.	- тағы басқа (басқалар)
ТЖБ	-тоқсанды жиынтық бағалау
ТОБ	- типтік оқу бағдарламасы
ХГЕБ	- халықаралық географиялық еңбек бөлінісі
ЭТ	- эксперименттік топ
ЭГЖ	- экономикалық-географиялық жағдай
UNESCO	-Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім және Мәдениет жөніндегі Ұйымы
%	- пайыз

## КІРІСПЕ

Заманауи және бәсекелістікке қабілетті білім беру қазіргі әлемдегі өзекті мәселелердің бірі. ХХІ ғасырда ол жана әлеуметтік-мәдени өзгерістерді қалыптастыруда. Оқыту мен тәрбиелеудің заманауи мәселелері шетелдік және отандық әдебиеттерде белсенді талқыланып жетілдіруде. Олардың маңызы мен жаһандық деңгейі, ең алдымен адами капиталымен және жас ұрпақтың жоғары деңгейге әлеуметтік бағытталуымен байланысты.

Қазақстан Республикасының негізгі саясаты еліміздің экономикасын көтеру және оны жетілдіру үшін білім беру саласына ерекше назар аударып көңіл бөлу. Жас ұрпақтың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да үлкен мән берілуде. Н.А. Назарбаев «Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы аса маңызды» - деп атап көрсеткен болатын [1].

Сондай-ақ, адам капиталын қалыптастыруды, атап айтқанда, өздігінен және шығармашылық тұрғыда кәсіби міндеттерді шеше алатын, қызметтің тұлғалық және қоғамдық мәнін саналы түрде ұғынатын, оның нәтижесіне жауап бере алатын құзыретті, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беру жүйесін жаңарту негізгі бағыт болып анықталған.

Қазақстандағы әлеуметтік даму мәселелерінің бүгінгі сипаты - білімді қажет ететін өндірістерді дамыту, еңбек нарығының жоғары білікті және креативті кадрларға қажеттілігі, ақпараттың, білімнің, коммуникацияның және жедел сауаттылықтың рөлі мен құндылықтарды арттыру.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі:** Қазіргі қоғам дамуында зияткерлік белсенділіктің басымдықтары, білім беру қызметінің жоғары деңгейі, ақпараттық жүйенің дамуы және білімнің әлеуметтік әрқелкіліктерге тәуелділігі маңызды қажеттіліктер болып табылады. Бұл өз кезегінде жоғары білімді адамдарды қажет етеді, адам білім алуды өмірінің маңызды стратегиялық бөлігіне айналдырып, өз құқықтарын жүзеге асыра алады және білім алу арқылы қоғамдағы орны мен рөлін өзгертеді.

Мектептегі білім берудің заманауи жүйесі жаһандық және аймақтық проблемалар мен дағдарыстарды шешуге ықпал етуі керек. Мұнда әсіресе географиялық білімнің маңызы зор, ол өскелең ұрпақты білім мен білікпен қаруландырып, болашақ мамандығын дұрыс таңдауға ықпал етеді.

Бұл міндетті жүзеге асыруда қазіргі заманғы педагогтың кәсіби шеберлігі басты орын алады: мұғалім білімнің қайнар көзі ғана емес, оқушылардың танымдық әрекетінің ұйымдастырушысы да болып табылады, жаңа дидактикалық тәсілдерді дамытушы ретінде оқытып қана қоймай, білім алуға үйретеді.

Қазақстанның қоғамдық өміріндегі өзгерістер, жалпы білім беретін мектептегі кешенді қайта құру жағдайында мектеп пәндерінің, оның ішінде географияның мақсаттары, мазмұны мен құрылымы өзгерді. Бұл негізгі және орта білім беру бағдарламаларының өзгеруіне алып келді, мұның өзі күн тәртібіне географиялық білім мен дағдылардың сабақтастығы мәселесін өткір қойды.

Білім берудің жанартылған мазмұнына көшу, білімді бағалау және тұлғаға бағытталған оқыту нысандарының өзгеруі, оның ішінде оқушылардың білімі мен дағдыларының практикалық бағытын көздейтін, географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастыру оқу мақсаттарына қол жеткізудегі білім беру процесінің басты шарттарының бірі ретінде қарастырылады.

Жалпы орта білім беру сапасын арттыру мақсатында білім беру жүйесінің даму бағыттарын, даму траекториясын айқындау және соның негізінде күтілетін нәтижеге бағытталған құзыреттілік тұрғысынан қол жеткізуге бағытталған білім беру жүйесін жетілдірудің қажеттілігі арта түсуде. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес, «География», пәні «Жаратылыстану» пәндері білім саласына енгізілген мектептің негізгі, орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінде міндетті түрде оқытылатын пәндер. «География» пәнінің білім мазмұны оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруға бағытталған.

Оқу материалының мазмұны айтарлықтай өзгерді, бұл спиральды оқытуға көшумен байланысты болды, содан кейін келесі сыныптар мен оқу деңгейлеріндегі материалдың мазмұны мен күрделілік деңгейі артты.

Географиялық материалды зерттеудің бұрын болған сабақтастығы бұзылды. Жалпы алғанда, бүкіл оқу циклі барысында географиялық материал мазмұнының барлық спектрі игерілгеніне қарамастан, дидактикалық аспект мәселелері маңызды проблемаға айналды.

Оқыту мақсаттарын жүзеге асыру пәндік, жалпы пәндік және метапәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған білім беру процесінің әдістемелік жақтарын жетілдіруді талап етеді. Демек, орта мектептегі білім беру мақсаттарын жүзеге асыру және географиялық мазмұнды жетілдіру оқушылардың географиялық мәдениеті мен тілін, географиялық ойлау және әлемнің біртұтас географиялық бейнесін қалауға негіз болатын экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастыруды қамтитын дидактикалық тәсілдерді іздеуді қажет етеді.

Осылайша, аталған проблемалар мен мақсаттар географиялық білім мен дағдыларды қалыптастырудың дидактикалық тәсілдерін іздестіруден тұратын диссертациялық зерттеу проблемасының мазмұндық мәнін құрайды және ғылыми жұмыстың өзектілігін анықтап береді.

**Зерттеудің мақсаты:** Жанартылған білім мазмұны негізінде мектептегі «Қазақстан географиясы» курсына оқытуда, экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастыруға қажетті тиімді педагогикалық технологиялардың шарттарын әзірлеу.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттер** қойылды:

- Мектептегі жанартылған мазмұндағы «Қазақстан географиясы» курсына оқытуда экономикалық - географиялық ұғымдармен заңдылықтардың құрылымын талдау;

- экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтар бойынша оқушылардың білімі мен іскерлігінің қалыптасу деңгейін анықтау;



- экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік технологияларды негіздеу;

- экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастыру әдістерінің тиімділігін эксперименталды түрде тексеру.

**Зерттеудің нысаны:** Жалпы білім беретін мектептегі «Қазақстан географиясы» курсының экономикалық-географиялық ұғымдары мен заңдылықтарын қалыптастыру.

**Зерттеу пәні:** Мектептегі «Қазақстан географиясы» курсын оқып-үйрену барысында экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастыру әдістемесі және тиімді педагогикалық технологиялары.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** Экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастыру процесі тиімді болады, егер:

- Білім мен дағдыларды қалыптастыру процесінің дидактикалық шарттары, оның үздіксіздігі, оқу нәтижелеріне диагностика жасау және сыныптан сыныпқа өткен сайын тапсырмаларды күрделендіру реттілігі дұрыс құрылған болса;

- экономикалық-географиялық ұғымдарды зерттеудің маңыздылығын көрсету негізінде білім мен дағдыларды қалыптастыру процессін ынталандырылса;

- пәндік, метапәндік және жеке әмбебап оқу жетістіктерін дамыту үшін жағдайлар жасалса;

- оқушыларда мынадай жеті негізгі бағытты қалыптастыру процесін ұйымдастыруда тұтастық пен жүйелілік қамтамасыз етілсе: мазмұны мен дидактикасы, оқытудың спиральдығы, сыни ойлау және креативтілік, оқушылардың өздігінен білім алуы және өзіндік зерттеу қызметі, құзыреттілік тілдерін дамыту, коллаборация, рефлексия және кері байланыс.

**Диссертациялық зерттеудің материалдық негізі:** Эксперимент жұмысы Алматы қаласының №98 орта мектебінде ұйымдастырылды. Зерттеу материалдары ретінде оқу мақсаттарына жету үшін қысқа мерзімді жоспарлар әзірленді және үш тілдегі (қазақша-орысша-ағылшынша) тілдеріндегі экономикалық-географиялық анықтама сөздік жасалды.

**Зерттеу жұмысының дереккөздері:** Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (27.07.2007 ж. ҚР БҒМ №319 бұйрығымен бекітілген), Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (27.12.2019 ж. ҚР БҒМ №988 бұйрығымен бекітілген), Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (31.10.2007 ж. ҚР БҒМ №604 бұйрығымен бекітілген), Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі білім беру мекемелерінде оқу үрдісі бойынша ұсынған құжаттар (жолдаулар, тұжырымдамалар, кешенді бағдарламалар, оқу құралдары мен оқулықтар, электронды құралдар, электронды оқулықтар), ғалымдар мен

әдіскер педагогтардың оқыту үрдісін ұйымдастыруда жиналған ғылыми және педагогикалық тәжірибелері, міндетті білім беру стандарттары, географияны оқытудың мәселесіне қатысты іргелі еңбектер, диссертациялар және авторефераттар қолданылды.

**Зерттеудің әдіс-тәсілдері:** Жұмыстың орындалу барысындағы қолданған әдістер диссертацияның әрбір бөлімі мен тарауларында нақтылы талданып, баяндалады. Теориялық әдістердің ішінде қойылған міндеттерді шешу үшін зерттеу әдістері қолданылады.

Эмпирикалық зерттеу әдістерінің ішінде педагогикалық экспериментті айғақтап қалыптастыруға мүмкіндік беретін бақылау, тестілеу, сауалнама жүргізу, пікір алмасу, білім алушылар жұмысының нәтижелерін талдау, географияны оқытуға арналған бағдарламалық оқыту құралдарын пайдалану, эксперименттік деректерді статистикалық өңдеу және тағы да басқа әдістер қолданылды.

**Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері:** Таным теориясының ережелері, жүйелі көзқарас; мектептегі білім беруді ізгілендіру (гуманизм) және экономизациялау идеялары, географиялық ғылымның интеграциялық мүмкіндіктері болды. Зерттеудің психологиялық-педагогикалық негіздеріне Л.С. Выготский [2], Ю.С. Андрюшова [3], Н.И. Чуприкова [4], И.В. Душина, Г.А. Понурова, Е.А. Пятунин, Е.А. Кеден[5,6, 7, 8, 9], И.С. Якиманская[10], А.В. Вильвовскаяның [11] күзіреттілік және жеке іс-әрекетке көзқарас идеялары контекстіндегі географиялық білім берудің теориясы мен әдістемесі еңбектері, Л.Я.Зорина [12], Н.Н. Баранский [13], А.В. Даринский [14], В.П. Максаковский [15], И.И. Баринованың [16], экономикалық білім беру және экономикалық-географиялық білімді қалыптастыру тұжырымдамасы, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жазылған оқулықтардың авторларының еңбектері К.Д. Каймулдинова [17], Б.Ш. Абдиманатов [18], Р.Ә. Қаратабанов, Ж. Р.Байметова [19], К.Д. Каймулдинова, С. Әбілмәжінова [20], Е. А. Ахметов, Н. Кәрменова, Ш.Ш. Карбаева, Б.Қ. Асубаев[21], В.В. Усиков, А.В. Егорина, А.А. Усикова, Г.Б. Забенова [22], Е.А. Ахметов, Т.О. Увалиев [23], К.Д. Каймулдинова, С. Әбілмәжінова, А.А. Саипов [24] және басқа да жұмыстар пайдаланылды.

**Ізденіс кезендері:** Диссертациялық зерттеу 2017 жылдан 2020 жылға дейін үш кезеңде жүргізілді.

Бірінші кезең (2017-2018 жж.) қарастырылып отырған мәселе бойынша географиялық білім беруде экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастыру бойынша нормативтік базаға, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жүргізуді қамтыды.

Екінші кезең (2018-2019 жж.) жаңартылған мазмұн аясында жазылған география пәні бойынша типтік оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды талдаудан тұрды. Бұл кезеңде зерттеудің теориялық негіздері қалыптастырылды.

Үшінші кезең (2019-2020 жж.) оқушылардың экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды игеру деңгейіне арналып әзірленген бағдарлама бойынша қалыптастырушы эксперимент жүргізілді және оның тиімділік дәрежесі анықталды.

**Жұмыстың теориялық маңыздылығы:** Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы жаңартылған мазмұндағы географиялық білім берудің құрамдас бөлігі ретінде оқушылардың географиялық мәдениетін және географиялық білім беруді модернизациялаудың қазіргі бағыттары аясында әлемнің географиялық бейнесін қалыптастыруда, экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтардың маңызды сипаттамаларын анықтап, негіздеумен айқындалады.

**Жұмыстың практикалық құндылығы:** Мектептегі география пәнінің жаңартылған мазмұнына сәйкес экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастырудың әдістемелік жүйесі дайындалды. Зерттеу жұмысының нәтижелерін жалпы білім беретін мектептерде, орта және жоғары кәсіптік білім беру мекемелерінде, сондай-ақ география мұғалімдерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесінде қосымша әдістемелік материал ретінде қолдануға болады.

**Зерттеу жұмысының жаңалығы:**

- Жаңартылған мазмұндағы мектеп географиясының экономикалық және әлеуметтік компонентін біріктіруге мүмкіндік беретін экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтардың жалпыланған құрылымы құрастырылды;

- оқытудың спиральді технологиясына сәйкес географиялық білім берудің мазмұндық және дидактикалық компоненттерінің тиімділігін анықтау үшін алдыңғы білім мен іскерлікті диагностикалау қажеттілігі ұсынылды және негізделді;

- жалпы білім беретін мектептегі оқушылардың экономикалық-географиялық сауаттылығы мен құзыреттілігі деңгейін арттыруға бағытталған белсенді педагогикалық технологияларды қолдану және қысқа мерзімді сабақ жоспарларының (ҚМЖ) тиімділігі, теориялық тұрғыдан және эксперимент жүргізу барысында тексеріліп дұрыс екендігі дәлелденді;

- оқу процесінде экономикалық-географиялық ұғымдар мен терминдердің қазақша-орысша-ағылшынша анықтамалық сөздігі әзірленді және пайдаланылды.

**Қорғауға ұсынылатын қағидалар:**

1. Мектеп географиясы курсы арқылы, пәндік және метапәндік құзіреттіліктерді қалыптастыруда экономикалық және географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды зерттеудің және оны қалыптастырудың әлеуеті өте жоғары.

2. Экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтардан құрастырылған құрылымдық жүйе жалпы білім беретін мектеп географиясындағы Қазақстан географиясының жаңартылған мазмұнының экономикалық және әлеуметтік компонентінің тұтас мазмұндық және дидактикалық ерекшелігін көруге мүмкіндік береді.

3. Педагогикалық диагностика білім алушылардың бұрын игерілген және қалыптасқан пәндік білімдерін, білу мен дағдыларды меңгеру ерекшеліктерін анықтауға, оқушының қиыншылыққа ұшырағанда мінез-құлқының сипатын және олардың себептерін анықтауға, оқу іс-әрекетін игеру деңгейін анықтауға, оқушылардың дамуындағы өзгерістерді бағалауға мүмкіндік береді.

4. Әдістемелік жүйе компоненттерін (мақсаты, мазмұны, оқыту нысандары, оқыту құралдары, оқыту нәтижесі) ескере отырып құрастырылған экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастырудың әдістемелік моделі және критериалды бағалаудың дұрыс құрылған жүйесі оқу мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді.

**Ғылыми нәтиже алуғағы автордың жеке қосқан үлесі:** Зерттеу жұмысына дайындалған материалдардың негізінде және автордың ұсынып отырған докторлық диссертациясына отандық және шетелдік (Қазақстан Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Башқортостан Республикасы) басылымдарда жарыққа шыққан 13 -мақаласы мен ғылыми еңбектері арқау болды. Бұл жарияланған ғылыми мақалалардың мәліметтерін автор өз бетінше жеке дара іздену арқылы жинақтап, оларды жүйеге келтіріп, камералдық өңдеуден өткізіп, өзіндік тұжырымдар жасады.

**Зерттеу жұмысының нәтижелерінің сыннан өтуі:** Зерттеу жұмысында қамтылған негізгі мәселелер мен зерттеу нәтижелері отандық Нұр-Сұлтан, Жетісай, (Қазақстан Республикасы), шетелде Кишинев (Молдова Республикасы), Нефтекамск (Башқортостан Республикасы), Петрозаводск (Ресей Федерациясы) қалаларында өткен халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда (2018-2020 жж.) баяндалды.

**Зерттеу жұмысының талқыланылуы мен мақұлданыуы:** Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 12 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде Scopus мәліметтер базасында 1 мақала, халықаралық ғылыми конференциялар жинағында 5 мақала, отандық республикалық конференцияда 3 мақала, ҚР Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті (БҒСҚК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 3 мақала жарияланды және «Қазақша-орысша-ағылшынша тілдеріндегі экономикалық-географиялық ұғымдар мен терминдердің анықтама сөздігі» 1 оқу құралы әзірленді.

**Диссертациялық жұмыстың құрылымы:** Диссертациялық жұмыс кіріспеден, 3 бөлімнен, 21 кесте, 48 суреттен тұрады. Жалпы бет саны – 140, пайдаланған әдебиеттер тізімі 168 және 5 қосымшадан тұрады.